

Музыкалық тәрбие және білім

Қазіргі уақытта тәрбие мен білімнің атқаратын ролі өте жоғары болып отыр. Қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру деңгейін көтеру, жеке тұлғаны тәрбиелеу, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауда ұлттық музыкалық педагогика мұраларын пайдалану мәселелері мемлекеттік құжаттарда арнайы бірнеше рет қаралып, жан-жақты сөз болды.

Жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі міндеттер: студенттерге сапалы білім беру, оларды жан-жақты тәрбиелеу, олардың ішкі, сыртқы дүниелерінің үйлесімділігін арттыру, еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, туған Отанына деген патриоттық сезімін дамыту, болашақ алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінуге талпындыру, еңбектенуге дағдыландыру, білімдар, адамгершілігі мол, тәрбиелі, ибалы, инабатты, мейірбан болашақ адамын тәрбиелеу.

Музыкалық тәрбие эстетикалық, адамгершілік, еңбек тәрбиесімен байланыстырыла жүргізілетін болса көп нәтиже береді. Музыкалық тәрбие өте қиын және ұзақ процесс болғандықтан оған жетудің жолы тек тынымсыз ізденіс, тыңғылықты іс-әрекет адал да таза үздіксіз ұзақ еңбек. Музыкалық тәрбие — тұлғаны қоғамның музыкалық мәдениетіне қатыстыру процесі, музыкалық тәжірибені (жасау, орындау, қабылдау, музыкалық шығарманы талдау) жас ұрпаққа жеткізу.

Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің

ғасырлар бойы туған әдіс-тәсілдері мен құралдары бүгінгі таңда да күнделікті тәжірибеде тәрбие міндеттерін шешуге өз үлесін қосып келеді.

Музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі-музыкалық білім беру бағдарламасының музыкалық пәндер сабақтары.

Қорыта айтқанда, жинақты (комплексі) түрде жүргізілген музыкалық тәрбие ғана білім алушы жастардың музыкалық білімін арттырады. Қазақ халқының рухани құндылықтарын және дәстүрлі көркем мәдениетін меңгереді. Музыканың халық өнерінің басқа түрлерімен, тарихпен байланысын анықтайды. Музыкалық эстетикалық еңбектің айналадағы өмірмен, қазіргі заманмен байланысын түсінеді. Адамгершілік, бауырмашылдық, қайырымдылық, достық, интернационалдық, патриоттық, қабілеттерін дамытады. «Достық планетасы» атанған жаңа Қазақстанды мекендейтін халықтардың салт-дәстүрімен, өнерімен, музыкасымен, мәдениетімен танысады. Осы мәселелер оң шешілген жағдайда жаңа ғасырда өмір сүретін, жан-жақты білімді «сегіз-қырлы, бір сырлы» қоғам дамуына өз үлесін қосатын тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

**Ш. Примкулова, Э. Ибрагимова,
«Музыкалық білім және көркем
еңбек» кафедрасының
аға оқытушылары**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Мәдениет және спорт факультеті**